

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысының м.а

 А.Мухамеджанова
« » 2024 жыл



Қаныш Сәтбаевтің 125 жылдығына арналған «ҚАСИЕТ ҚОНҒАН ҚАНЫШ СӘТБАЕВ САЛҒАН ЖОЛ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Осы ереже Қаныш Сәтбаевтің 125 жылдығына арналған «Қасиет қонған Қаныш Сәтбаев салған жол – ұрпаққа ұлағат» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференциясын (бұдан әрі -конференция) ұйымдастыру, өткізу және оның қорытындыларын шығару кагидаттарын белгілейді.

1.1 Ұйымдастырушылар: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК мен Қаныш Сәтбаев атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі.

Іс-шараның мақсаты: Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылыми мұрасын насихаттау, оның геологияны, тау-кен ісін дамытуға және қазақстандық ғылымның қалыптасуына қосқан үлесін сақтау және дамыту.

2. Конференцияны өткізу құрылымы:

2.1. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

2.2. Ұйымдастыру комитеті:

- конференция жұмысының ұйымдастырылуын жүзеге асырады және өткізілу мерзімін анықтайды.

- ұсынылған жұмыстарды қабылдайды, қатысушылар тізімін жасайды.

-конференция қорытындысы туралы ақпарат Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК сайтында жарияланады.

3. Конференцияны өткізу мерзімі

3.1.Өтетін орны: Қаныш Сәтбаев атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі, мекенжайы: Астана қ. Аль-Фараби 40А.

3.2.Өткізу күні, уақыты: 13.04.2024 жыл, сағат 10:00

3.3. Қатысушыларды тіркеу уақыты: 09:00-09:30.

3.4 Өткізу тілі: қазақша

4. Конференция екі бөлімнен тұрады:

1. Пленарлық;
2. Секциялық;

Конференция жұмысына қатысу формалары:

1. Пленарлық отырыста TEDx форматында сөйлеу (регламент 7-10мин).
2. Секция барысында баяндама жасау.
 3. Конференцияға тыңдаушы ретінде қатысу.
 4. Конференцияға баяндамаға жіберу.

Секция жұмыстарының бағыттары:

I бағыт - Қаныш Сәтбаевтың экономиканың дамуына әсері

- Оның зерттеулерінің ғылым мен білімге әсері туралы есептер
- Осы саладағы даму перспективаларын талқылау

II бағыт - Қаныш Сәтбаев ұрпақтарының жадында

- Тарих, әдебиет, білім, өнер саласы

III бағыт - Ғылымдағы жастар: әсері мен болашағы

- Ғылыми мұраны жалғастыратын жас ғалымдардың презентациялары
- Жас зерттеушілердің қатысуымен дөңгелек үстел

5. Конференцияға қатысушылар

5.1. Конференция жұмысына қатысуға шақырылады:

- ЖОО ғалымдары, ғылыми қызметкерлері;
- барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері;
- әдіскерлер, студенттер.

5.2 Конференцияға қатысу форматы:

- конференцияға тікелей тыңдаушылар алдында баяндама оқу: (регламент 7-10 мин).
- тыңдаушы ретінде.
- секция отырысында сөз сөйлеу (регламент 6-8 мин).
- Конференцияның электронды мақалалар жинағына мақаласын ұсынып, баяндама оқымай тыңдаушы ретінде қатысуға болады.
- «Қасиет қонған Қаныш Сәтбаев салған жол – ұрпаққа ұлағат» жинағында баяндама жариялау.

6. Өтінімдер мен мақалаларды ұсыну мерзімі

6.1. Конференцияға тікелей қатысу үшін материалды ақпараттық хат қосымшаларына сәйкес binom-satpaev@mail.ru электронды поштасы мен мына сілтемеге <https://forms.gle/2bn4dKsqmujmUR9F7> 2024 ж. «5» сәуірге дейін (№1 қосымшаға сәйкес) өтінім мен баяндама тезистерін және презентацияларын жіберу сұралады.

- конференцияға қатысуға жеке өтініш (№1 қосымша)
- талаптарға сәйкес жасалған мақаланың мәтіні (№2 қосымша);

6.2. Ұйымдастыру комитетінің қойған талаптарына сай келмейтін (Ережеге сәйкес емес) жұмыстарды ұйымдастыру комитетінің қарамауына құқы бар. Жолданған материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Қатысуға өтінім

ТАӘ (толығымен)	
Жұмыс орны, қызметі	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта (E-mail)	
Баяндама тақырыбы:	

Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Мақала көлемі А4 мәтін форматындағы 3-6 бет, Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен, бір жоларалық интервалмен 14 кегльмен терілген болуы тиіс. Беттің параметрлері: абзац-10 мм; жиектері барлық жағынан 20 мм. Мәтінді бос орындар мен табуляциясының көмегімен түзетуге жол берілмейді. Мәтін тілі: қазақша

Мақала тақырыбын рәсімдеу бойынша: баяндама тақырыбы; автордың (лардың) аты-жөні (дері) үтір арқылы қалың қаріппен беттің ортасына жазылады; Оқу орнының атауы ортасында курсивпен; Аннотация, түйінді сөздер. Әрі қарай, бір бос жолдан кейін негізгі мәтін.

Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында конференция өткізілген күннен кейін 10-15 күн ішінде қатысушыларға жіберіледі. Қатысушыларға қатысу сертификаты (электронды) беріледі.

Жинаққа UDC, LBC және халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индекстері беріледі. Конференция материалдары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.kz> сайтында жарияланады.